



МУХТАР АЗАЛЫ



№93
(2158)
Сәрсенбі
1 қараша
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР РЕСПУБЛИКА КҮНІН АТАП ӨТТІ

Әйтеке би кентіндегі Роза Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығында өткен Республика күніне арналған шарада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы салтанатты түрде сахна төріне шығарылып, Қазақстан Республикасының Гимні орындалды.

Мұнан соң аудан әкімі Мұхтар Оразбаев сөз алып, барша қазалылықтарды мерейлі мерекемен құттықтады.

– Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Тарихтан белгілі, 1990 жылы 25 қазанда қазақ елі Егемендік декларациясын жариялап, мемлекеттің тәуелсіздігін айқындады. Бұл декларацияның қабылдануымен егемендігін мәлім ететін жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық



қатынастардағы дербестігі бекітілді. Еліміз Тәуелсіздік алған соң даму жолында тапжылмай жылжуға мүмкіндік беретін маңызды жетістіктерге жетті. Бұл жолда қол жеткізген үлкен жетістіктердің барлығында да Сыр елінің, оның ішінде Қазалы ауданының қосқан үлесі зор деп білемін.

Баршаңызды егемендігіміздің бастауы болған ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін, – деді Мұхтар Әуесұлы.

Салтанатты шарада ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп-

өркендеуіне сүбелі үлес қосқан қазалылықтар марапат төрінен көрінді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес бірқатар көпбалалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» наградалары табысталды.

Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «РЗА» акционерлік қоғамының президенті Самұрат Имандосов ҚР Премьер-министрінің «Алғыс хатымен» марапатталды. Сонымен қатар бірқатар азаматтарға Қызылорда облысы және аудан әкімінің «Алғысхаты», теміржол саласының ардагері Ерсайын Байқадамға, білім саласының ардагері Салима Нұрмұратқа Қазалы ауданының Құрмет грамотасы тапсырылды.

Егемендігіміздің бастауы болған ұлттық мереке – Республика күніне орай ұйымдастырылған мерекелік кеште аудан өнерпаздары ән-күйден шашу шашып, көпшілікке ерекше көңіл-күй сыйлады.

АУДАНДА ГАЗ ТАПШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ЖҰМЫСШЫ ТОП ҚҰРЫЛДЫ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен газ тапшылығы мәселесіне байланысты жедел штаб отырысы өтті.

Штаб отырысының негізгі мақсаты - ауданда газ тапшылығын болдырмау бағытында жедел әрекет ету және тұрғындар үшін арзандатылған газ бағасының қымбаттап кетуіне жол бермеу.

Жиында аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ақтілеу Бөріқұлақов аудандағы жалпы сұйытылған газдың қоры, және газ

торлар бағасын өсіріп және сыртқа шығаруына жол бермеу керектігін айтты. Сондай-ақ, ауданда газ тапшылығының алдын алу мақсатында құрылған арнайы жұмысшы топтың күн сайын газ құю бекеттерінде бақылау, зерделеу жұмыстарын жүргізу керектігін атап айтты.

Жиын соңында Мұхтар Әуесұлы ауданда газ тапшылығы мәселесінің орын алмауы үшін бірлесе жұмыс істеп, бұл бағыттағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

тапшылығының алдын алу бойынша бөлім тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар жайында баяндады.

Мұнан соң аудан басшысы халық қажеттілігіне арналып, төмен бағамен босатылатын газды аудандағы газ таратушы операция

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРИ

Қазалыда Мемлекет және қоғам қайраткері Елеу Көшербаевты еске алуға арналған грек-рим күресінен 2004-2006 жылғы жастар арасындағы XVII дәстүрлі халықаралық турнир өтті.

Дүбірлі додаға Қырғызстан елінен және еліміздің Астана, Алматы, Шымкент қаласы мен Қазақстанның өзге де облыстарынан келген 100-ге тарта балуан бозкілемде бақтарын сынады.

Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп, дәстүрге айналған байрақты бәсекенің бүгінгі жас ұрпақ үшін маңызы жоғары екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар туған жердің өсіп өркендеуі жолында аянбай тер төккен абзал азамат Елеу

Көшербаев жайындағы естеліктерге тоқталып, қайраткердің өмір жолын жас буынға үлгі етті.

Мұнан соң облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов, Қазалы ауданының құрметті азаматтары Айтбай Көшербаев, Қасқырбай Әлімбай мен ұрпақтары атынан Ұлжан Көшербаева құттықтау сөз сөйлеп, жас палуандарға сәттілік тіледі.

Айта кетейік, байрақты бәсеке Әйтеке би кентіндегі №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде өтті.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

МҰХТАР ОРАЗБАЕВ: ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ҚАТАҢ САҚТАЛУЫ ТИІС

Бүгінгі таңда еліміздің кейбір аймақтарында жылу беру маусымы кезеңіндегі қауіпсіздік шараларын сақтамаудың салдарынан оқыс оқиғалар орын алуда.

Осыған орай аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен арнайы жиын өтті. Басқосуға аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері мен аудандағы коммуналдық мекемелердің басшылары қатысты.

Жиында аудан әкімі жылу беру кезеңіндегі орын алатын төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелеріне тоқталып, аудандағы барлық



әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерде оқыс оқиға орын алмау керектігін айтты. Сондай-ақ, ауыл әкімдері мен жауапты мекеме бас-

шыларына тұрғындармен қауіпсіздік шараларын сақтауға қатысты тиісінше түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Сонымен қатар, тұрмыстық газды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің қатаң сақталуы керектігін айтып, аудандық газ шаруашылығы мекемесінің басшысы Қуаныш Сансызбаевқа келеңсіз жағдайлардың орын алмауын қадағалауды тапсырды.

Отырысты қортындылаған аудан басшысы тазалық мәселесіне де тоқталып, аудан тазалығы – үлкен жауапкершілік пен ортақ абырой екенін айтып, бұл бағытта да бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

1963 жылы сәуір айының аяқталуына санаулы күндер қалған. Біз ол кезде Арал теңізінің қолтығына орналасқан «Қарабура» елді мекенінде тұратынбыз.

Түске жақын үй жанына машина келіп тоқтады. Кабинадан жасы елудің шамасындағы жігіт ағасы түсіп, далада тұрған бізге келіп амандасып:

-Аязбай ағаның үйі осы ма? – деді. Біз «иә осы дедік», ол кісі үйге кіріп кетті.

Біраз уақыт өткен соң үйдегілер мені ішке шақырды.

-Балам,- деді әкем, - мына жігіт Әлмағанбет деген ағаң. Қазалыдан келіп отыр. Мәдениет бөлімінде жұмыс істейді. Сені жұмысқа алмақшы, мен келісім беріп мақұл деп отырмын, өзің не дейсің? Менің саған айтпағым жұмысыңа адал бол, ағаңның атына кір келтіруші болмағайсың,- деді.

-Сіз келісіп отырсаңыз, мен қайда барамын,- деп әкеме басымды изедім.

1963 жылы 5 мамырда аудандық мәдениет бөліміне жұмысқа қабылдандым. Автоklubта үш адамбыз. Әлмағанбет аға автоklub меңгерушісі, Олжабай аға жүргізуші және киномеханик, мен моториспін. Ай сайын малшыларды аралаймыз. Әлекең шопандарды ел жаңалықтарымен, аудан көлемінде атқарылып жатқан жақсы істермен таныстырады.

Кешкісін мал өрістен келіп, шопандар қойын қораға қамап ас ішіп болғасын, кейде ыңғайына қарай түс кезінде үйді қараңғылап шопандар отбасына кино көрсетеміз. Мен Олжабай ағаға көмектесем. Кино аппараттарды сүртіп, машина-

ны тазалап қоямын. Олжабай кино қойып жатқанда зер салып қарап тұрамын. Бұл менің күнделікті жұмысым.

Үш ай уақыт өткен соң Олжабай басқа автоklubқа ауысатын болып, автоklubты қабылдап алдым. Әлмағанбет Ізбақышов ағам:

-Тілектес, сен кино қоя аласыңба?- деді.

-Олжабайдан үйренгендеймін. Тәуекел деп талпынсам қоятын шығармын-дедім өзіме-өзім сенім білдіріп.

-Қазір кинопрокатқа бар, шопандарға қоятын қазақ тіліндегі киноны таңдап екеуін ал. Ертең жолға шығамыз,- деді Әлекең ағам.

Автоklubтың руліне бірінші отыруым. Абай колхозының тұсындағы дариядағы паром арқылы келесі бетке өту оңай болмады.

Паромнан шығып «Лақалыға» жол тарттық. Әлекеңнің үйі сонда болатын. Қанзира атты бәйбішесі өте жақсы кісі. Жағдайыңды сұрап бәйек болады.

Ертеңіне шопандарды аралауға шықтық. Жайлауда отырған Абай атындағы колхоздың озат шопаны, екі «Еңбек Қызыл ту» орденінің иегері Орынбаев Аманкелдінің үйінде киноны қойып, көңілді бірледім.

Әріптестерім; Исабай, Кеңес, Юрка, Гольц, Байділдә, Өмірзақ сынды ағалармен сыйласып, айтқан ағалық ақылдарын тыңдап, Мөлкәйдар, Қошқар, Қуаныш, Жолдасбай, Тарғын, Жәрмедет, Ідіріс, Қалабай, Насыр, Бижан, Құрманғазылармен кездескенімізде жетістігімізбен кемшілігімізді ортаға салып ой бөлісіп отыратынбыз.

Ағаларымыздың ақыл-кеңесіне құлақ түретінбіз. Шопанға кино қойылмай қалса қандай себептермен қойылмады деп басшылар сұрап отыратын.

Әйтеке би кентінің қазіргі Желтоқсан көшесінің бойында ұзыннан салынған бір қабатты аудандық кеңесі атқару комитетінің кеңсесі болатын. Көптеген мекемелердің кеңсесі соның ішінде орналасқан. Біздің де кеңсеміз сол жерде. Теңел Жұмабаев есімді ағамыз аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасының орынбасары болатын. Ол кісі ешкімге жалтақтамай сөзін тура айтатын азулы адам еді. Аудандық мәдениет бөліміндегі автоklub қызметкерлерін түгел қалдырмай әр айда басын қосып, жиналыс өткізетін. Кемшілігің болса қадап айтатын.

Екі жылдан кейін мен автоklub меңгерушісі және жүргізуші болып, №8 автоklubты қабылдап алдым. Уақыт зымырап өтіп жатты. Айдың аяғында жұмыстан оралып кеңсеге келгенімде:

-Ағай, сізді бастық шақырып жатыр,- деді хатшы қыз. Не бүлдірдім деп жүрексініп ішке кірдім.

Басшы Асанбаев Кеңес болатын. Сәлемдесіп орындыққа отырдым. Кеңес аға менімен күле амандасты. Ішім жылып қоя берді.

-Тілектес айналайын, өзіңнің алғашқы ұстазың әрі ағаң Әлмағанбетті жақсы білесің, ел сыйлайтын азамат. Қасында бірге жүрген жігіттер ол кісіге онша ұнамайтын көрінеді. Айтқан сөзін тыңдамай, баратын жерге бармайтын болған. Маған сені менің қасыма жіберсең деп өтініш білдірді. Аға

екеуімізге ортақ қой, сол ағаңның қасына барсаң қайтеді,- деді майда тілмен.

-Сіз өтініш жасап отырсыз, мақұл-дедім көп ойланбастан.

Осылай Әлекең ағамның қасына қайта келдім. Үйреніскен ағамен жұмысымыз ойдағыдай орындалып, басшы орындардан алғыс абыройға бөленіп жүрдік.

Ай артынан ай келіп, жыл артынан жыл жетіп Әлмағанбет Ізбақышов ағамыз 1978 жылы абырой биігінен көрініп «Қазақ ССР-ның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атағын алып, көпшіліктің құрметіне бөленіп, 60 жасында зейнеткерлікке шықты.

Әлекең зейнетке шыққасын мен автоklub меңгерушісі болып тағайындалып көп жыл еңбек еттім. 2006 жылы мәдениет саласында 43 жыл еңбек етіп, «Еңбек ардагері» төсбелгісін омырауыма тағып, 63 жасымда зейнетке шықтым.

Мен 1966 жылы Гүлсара Сәдуақызымен отау құрып, шаңырақ көтердім. Өмірге төрт перзент келді, соларды өсіріп, ержеткізіп, үлкен азамат қылдық. 1998 жылы «Қызылқұм» совхозының орталығынан Әйтеке би кентіне қоныс аудардық. Оған міне 25 жыл толып отыр. Өтіп бара жатқан өмір деген осы.

2022 жылы жолдасым өмірден өтті. Пендеге мәңгілік өмір жоқ. Бүгін бар, ертең жоқсың деген осы. Екеуіміз өсірген балаларымыздан өрбіген немере, шөберелерімнің ортасында қадірменді ата атанып, солардың күлкісіне шаттанып, қызығына тоймай өмір сүріп жатқан қарттың бірімін.

Тілектес АЯЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ



Ұжымдастары Қазалы пайдалану вагон депосының өндіріс шебері Сералы Кенжалыұлы Сарбалаевты құрметпен зей-

нет демалысына шығарып салды. Депода өткен жиында Қазалы пайдалану вагон депосының бастығы Арғын Қайырбайұлы Орынбаев, депо кәсіподақ ұйымының төрағасы Бақытжан Ибрайымов, электрмен дәнекерлеуші Құрманбек Таңатаров және басқалары сөз сөйлеп, әріптестерін зейнет демалысына шығуымен құттықтап, жылы лебіздерін арнады. Жиында Қазалы пайдалану вагон депосының бастығы

Арғын Қайырбайұлы зейнет демалысына шыққан Сералы Сарбалаевқа шапан жауып құрмет көрсетіп, «Вагон шаруашылығына 90 жыл» төсбелгісімен, Қазақстан теміржолы ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының құрмет грамотасын тапсырды.

Еңбек демалысына шыққан Сералы Кенжалыұлы 1979 жылы жылжымалы құраманың жөндеушісі болып еңбек жолын бастаған. Тынымсыз еңбегі мен ізденісінің арқасында ұжымында абыройға бөленіп, депоның өндіріс шебері қызметіне жоғарылатылған. Жабдықтау цехының жұмысын сапалы атқарып, ұтымды

жүргізуінің нәтижесінде еңбегі лайықты бағаланды. Бірнеше рет жоғары басшылықтан мақтау грамоталарын алды. Білікті, іскер маман ретінде танылды. Ұжымы Сералы Сарбалаевты ақыл парасаты мол адал азамат ретінде сыйлап, құрметтеді.

Жиында әріптестерінің ықыласты сөздері жанын тебіrentті ме, әлде қимастық сезіміне бой алды ма, Сәкен, Сералы Кенжалыұлы көзіне жас ала отырып, ұжымына баталық сөзін арнады.

Бақытжан ИБРАЙЫМОВ,
Қазалы пайдалану
вагон депосының кәсіподақ
ұйымының төрағасы

•Өнерлі өрге жүзер

ХАЛЫҚТЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН САЗГЕР



Иә, ақындық, сазгерлігімен атағы шыққан, ән-әуезімен тыңдаушыларын тәнті етіп келе жатқан Алғашбаев Нұрмаш (Нұрмағамбет) Қабылбайұлы 1947 жылы 16 қазанда Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген. Әкесі Алғашбайұлы Қабылбай мен отанасы Разия төрт бала тәрбиелеп өсіріп, қатарға қосқан. Әбілтай, Нұрмағамбет, Бибігүл, кіші ұлы Нұрғазы отбасын құрып, бала-шағалы, немере, шөбере сүйіп отырған жандар.

Нұрмаш орта мектепте оқып жүрген кезінде –ақ көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі болып ұстаздары: Махамбет Әуезов, Қобылаш Жаймұратов, сазгер Жеңіс Өтемісовтерден дәріс алған. Жас кезінен домбыра, баян тартуға әуес болған. Өлең жазып, оған ән шығаруды армандаған.

Мектепті бітіргеннен кейін Алматының зоо-ветеринариялық институтына оқуға түсті. Өнерлі студент институттағы ұлт-аспаптар оркестріне қатысып өз өнерін шындай түседі. Және институт жанынан ашылған

өнер студиясының домбыра бөлімінде оқыды.

Институтта оқып жүріп, ән, өлең жазуын жалғастырып, тырнақ алдыөндері «Зәурешім», «Қарсы алмадың», «Шақырамын биге», «Қайдасың, махаббат» студенттердің сүйіп айтатын сазына айналған.

Нұрмаш институтты бітіргеннен кейін туған жерге оралып, №34 ауыл шаруашылық мамандарын даярлайтын училищеге мұғалім болып орналасып, көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып оған жетекшілік етеді. Ол дайындаған өнерпаздар облыстық кәсіптік –техникалық училищелер арасындағы өнер байқауларында жүлделі орындарға ие болды. Сондай-ақ, Нұрмаш аудандық мәдениет үйі жанынан ұйымдастырылған оркестрдің құрамында болып, Шымкент, Алматы қалаларында өткен байқауларға қатысты. 1976 жылы Ақмола қаласында өткен халық театрларының Бүкілодақтық байқауында «Қан мен тер» спектаклінде ударник офицер рольдерін сомдап, лауреат атағына ие болды.

Өнерлі жан сонымен қатар «Әнші балапан», «Таңшолпан», «Бозторғай» байқауларының тағы да басқа іс-шаралардың өтуіне өз үлесін қосты. Жастарымыздың өнерін лайықты бағалап, олардың өнерге деген жолына бағыт-бағдар беріп отырды.

1979 жылы Нұрмаш Қабылбайұлы кәсіптік училищеден Ғани Мұратбаев атындағы №17 мектепке ауысып, ән-әуез пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Жаңа ортада да мұғалімдер арасында көркемөнерпаздар үйірмесін ұйымдастырып, әр мереке сайын ауданда өткізілетін іс-шаралар, концерттік бағдарламалар Нұрмаштың патриоттық әндерімен ашылатын.

Нұрмаш «төр менікі деп» кеудемсімеген, ділмәрсіп биік мінбеден сөйлемеген, «анау әнім, мынау әнім былай туды» деп көлгірсіп әңгіме айтпаған. Тек әндерін ғана жаза берген. Біреулер атақ-даңққа кенеліп жатты. Нұрмаш мектепте сабағын беріп қарапайым қалпын сақтап артын күтті. Өзінің музыкалық аспаптарын баптап өнермен айналысты. Сабағын да қалдырған емес. Соншама талантты, ауданға атағы белгілі бола тұра қарапайым өмір кешудің классикалық үлгісін көрсеткен Нұрмаш аудан басшыларының есігін қағып көрмеген.

Оның бауырмалдығы, шектен тыс қарапайымдылығы, биязылығы, барға қанағат ететін тоқмейілдігі оның тұлғасын өзгелерден биік етіп көрсететін. Нұрмаш әу баста халықтың перзенті боп туып, тер төгіп, теңдессіз төзім көрсете жүріп, барша халықтың ой-ниет, қиялын ән-әуезге қосты. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы, жұртшылық сүйіспеншілігіне бөленген. Сазгердің шығармасының тақырыптық, мазмұндық ауқымы аса кең. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, жарға, дос-жаранға деген сүйіспеншілігі басым. Сазгердің алуан түрлі тақырыпта жазған әндерін тыңдағанда алыста қалған балалық шақ, жастық дәурен, сағынышқа толы сезімдер, бала махаббат, тәтті арман, тағы басқа көз алдыңнан тізіліп өтеді.

Нұрмашпен етене жақын араластық, дос болдық. Оның жан дүниесін түсіну үшін сол кісінің жүрегіндей нәзік, жұмсақ жүрек, биязы мінез керек. Нұрмаш жастай қосылған жары Жаңыл екеуі төрт бала тәрбиелеп өсірген. Балалары өнерге жақын, сүйген жары Жаңыл да әнші, мектепте ұстаздық жұмыс атқарып, зейнеткерлікке шығып,

немерелерін бағып өсіруде.

«Алма сабағынан алыс түспейді» демекші Нұрмаштың Ғаниы №249 мектеп-лицейінде ән-әуез сабағынан дәріс береді. Және барлық іс-шаралардың музыкалық жағынан ұйымдастырушысы.

Қазалы өнер ортасы. Сол қасиетті ортада өскен Нұрмаш Қабылбайұлы Алғашбаевтың сазгер болмауға қақысы жоқтай. Тегі талант туған топырағы мен табиғатына тартып туады. Нұрмаштың қарапайым халық сүйетін пәлен ән шығардым деп кеуде көрген кезі болған емес. Қасында жүрген қатар құрбысы, дос-жарандарын жақын тартып, көңілін тауып, ешкімменен ишаласпай, әзіл –қалжыңы қатар жүретін азамат. Оның табиғатында біреуге міндет артып, салмақ салу деген атымен жоқ. Үлкенмен де кішімен де жарасып жүре береді.

Нұрмаштың елге, ауданға адал қызмет етіп алған мадақ - марапаттары бір төбе. Ауданда оның құрметіне туған күндері тойланып, Қазалы ауданының құрметті азаматы, ардагер ұстаз, үздік мұғалім, сазгер атанды. Одан бөлек, адамгершілік, азаматтық болмысымен ағайын –туыс, қатар жүрген әріптес-достарының құрметіне бөленген жан. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін «Атамұра» ардагерлер ансамблін құруға атсалысып, ансамблде әндері шырқалып жүр.

Өмірде қолдаушы халқың болмаса, сен кімсің деп өзіне-өзі тәубе келтіріп жүретін жан. Өзгені нақ өзіндей қастерлейтін, жақтырмайтын адамның да сыртынан ғайбат сөзді сірә айтпайтын. Ал, өзін аяқтан шалғандардан, өсекке таңғандардан есе қайыруды мүлде ойына алмайтын. Қызылға қаны қызбайтын, өзгеге еліктеп тыраштанбайтын қазақы дегдарлығы білгенге нағыз фибрат емес пе?!

Жеткербай МАХАМБЕТ

• Еске алу



сұрағы көп,
Қимай сені
бауырлар жы-
лады көп.

А м а л с ы з -
дан көнеміз
жазмышқа,

Бұл да
Алланың пен-
деге сынағы
деп.

Таусылмай-
ды пенденің
армандары,
Опасыз ғой
дүние, жалған
бөрі.

О т б а с ы ң а
тілейміз ұзақ
ғұмыр,

Дүниеде уақыттан
жүйрік не бар. Кеше
ғана ортамызда
жүрген бауырымыз
Қанайқызы Жарқынкүлді
құшағы кең жер анаға
т а п с ы р ғ а н ы м ы з ғ а
да бір жыл болыпты.
Бауырымыздың бірге
жүрген кездегі жарқын
бейнесін, қуанышты
сәттерін сағынышпен
еске аламыз.

Жыл болыпты - ау
жүзіңді көрмегелі,
Жанымызды уақыт
емдегелі.

Кім болса да сағыныш
қимасының,

Бақилықтан оралып
келмегені.

Бұл жалғанда пенденің

Аман болсын артыңда
қалғандары.

Өзілің де бар еді, күле
тыңдар,

Шын ниетті біздегі
білесің бар.

Болмасаңда өмірде,
жан бауырым,

Бізден алар осындай
үлесің бар.

Бұл дүние қайғы мен
толы мұңға,

Еске аламыз сағынып
сені мұнда.

Рухыңа арнаймыз
дұғамызды,

Жұмақта жайлы болғай
орыныңда.

**Бауырларының
атынан:**

Әмірхан ҚАНАЙҰЛЫ

• Сақтансаң сақтайды

БАЛАЛАРДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ!

Өрт тілсіз – жау! Қазіргі таңда орын алып жатырған өрттердің басым көпшілігі тұрғын үйлер үлесінде. Тұрғын үйдегі электр жүйесінің ақаулары, газ құрылғыларын пайдалану кезіндегі аңғалдықтар, балалардың отпен ойнауы өрттің шығуы себебіне негіз болып отыр. Сол себепті әрбір ата-ана балаларды бақылаусыз үйде жалғыз қалдырмағаны абзал және шырпы, тұтандырғыш (зажигалка) сынды оттық көздерін және тез жанғыш, тұтанғыш заттарды балалардың қолы жетімсіз орында сақтағаны дұрыс. Балалардың отпен ойнау салдарынан туындайтын өртті болдырмау үшін:

-балаларға от ойыншық емес, ол тамақ пісіріп, жылу беретін құрал екенін, мұны тек үлкен адамдар ғана пайдаланатыны туралы үйретіңіздер;

-балаларыңыздан сіріңке мен тұтандырғышты әперіп жіберуін сұрамаңыз, балалар үлкендерге қарап, олардың ісін қайталайтынын ұмытпаңыз;

-кішкентай балаларыңызды олардың тауып алған сіріңкелері мен тұтандырғыштарын сіздерге қайтарып беруіне үйретіңіз әрі мұндай жауаптылық көрсеткені үшін оларды мақтап қою қажет;

-отпен ойнау салдарынан болған оқиғаларды назардан тыс қалдырмаңыз, атап айтқанда күйген киім, қалталарында жүрген сіріңкелер мен

тұтандырғыштар;
-балаларды үнемі қадағалау қажет, оларды тіпті аз уақытқа да жалғыз қалдырмауға тырысыңыз;
-балалардың бос уақытын қызықты өткізуін ұйымдастырыңыз.

«Жаман айтпай жақсы жоқ» - дегендей, өрт болған жағдайда балаларды дұрыс әрекет етуге баулыңыз:

-өрттің шығуын немесе жану белгілерін байқаған кезде бүлдіршін ересектерге немесе «101», «112» өрт сөндіру бөлімінің телефон нөмерлеріне хабарлауы және тез арада бөлмеден, үйден шығып кетуі керек екендігін;

-тиым салынған тартымды келеді, сондықтан «Болмайды!» дегеннен гөрі, бір қорап сіріңкенің салдарынан келетін қауіпті түсіндірген пайдалы.

Бұл кеңестерді әрбір ата-ана жадында сақтағаны абзал. Себебі, тек қана өз балаларымызға деген үлкен қамқорлықпен ғана, біз балалардың отпен ойнауынан туындайтын өрттердің алдын алып, өз үйімізді, мүлкімізді және ең бастысы – бүлдіршіндеріміздің өмірін сақтап қаламыз!

Ш.ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі
бастығының
міндетін атқарушы,
азаматтық
қорғау майоры

ЖЫЛЫТУ ПЕШІНЕ САҚ БОЛАЙЫҚ!

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештердегі өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында, сондай-ақ көлемінде:

1) үш айда бір реттен кем болмай - жылыту пештері;

2) екі айда бір реттен кем болмай - үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар тазартылуға тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пеш-

тер айына бір реттен кем болмай тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ, отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;

2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылмаған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде

қолдануға;

5) үй-жайларда көпшілік адамдардың болуымен онда іс-шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түтіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

ЕГЕР:

-Көмірдің иісін сезсеңіз, ошақтың ауызын жауып, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

-пешке от жағылмай түтіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкеледі.

Е.ЖӨКЕЙ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің
аға инженері,
азаматтық қорғау
капитаны

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы жаратқан газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.